

**8D04208 «Қазақстандық құқықтың дамуының замануи үрдістері»
білім беру бағдарламасы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесіне
ізденуші Қамбаров Азамат Қамбарұлының «Ақпараттандыру және
байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар
(қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері)»
диссертациясына ғылыми кеңесшінің
ПІКІРІ**

Атқарылған жұмыстың қысқаша сипаттамасы.

Диссертациялық зерттеу ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар мәселелеріне арналған. Жұмыста ақпараттық технологиялар мен байланыс құралдарының дамуы нәтижесінде туындайтын қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілер талданған. Зерттеу барысында ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы, қалыптасуы, жіктелуі, түрлері, олардың криминологиялық сипаттамасы, ерекшеліктері және күресудің алдын алу шаралары зерттеуде кеңінен талданып, ұсыныстар жасалған.

Қолданылған әдістеме және зерттеу әдістері.

Диссертацияда қолданылған зерттеу әдістері ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды терең әрі кешенді түрде талдауға мүмкіндік береді. Қолданылған әдістердің бірі – нормативтік құжаттаманы талдау, яғни ақпараттық технологиялар және коммуникациялар саласын реттейтін заңнаманы зерделеу – диссертацияның ғылыми құндылығын арттырады. Бұл әдіс Қылмыстық кодекс пен арнайы заңдарды, заңға тәуелді актілерді мұқият қарастырып, қылмыстық құқық бұзушылықтардың реттелуіндегі кемшіліктерді анықтауға және сол құқықтық актілердің тиімділігін бағалауға жағдай жасайды. Осы арқылы диссертант нормативтік-құқықтық базаның ағымдағы кемшіліктерін нақтылауға қол жеткізген.

Статистикалық әдістердің қолданылуы зерттеудің тәжірибелік мәнін арттырады. Құқық қорғау органдары мен ғылыми-зерттеу институттарының статистикалық мәліметтерін пайдалану арқылы автор зерттеліп отырған мәселелердің ауқымын нақты бағалап, құқық бұзушылықтардың жиі кездесетін түрлерін және киберқылмыспен күресу шараларының тиімділігін анықтайды.

Салыстырмалы-құқықтық талдау халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің түрлі елдердегі тиімді тетіктерін анықтауға мүмкіндік береді. Мұнда диссертант шетелдік тәжірибелерді зерттеу арқылы табысты стратегияларды анықтап, оларды Қазақстан жағдайында бейімдеудің маңыздылығын айқындаған.

Теориялық және эмпирикалық әдістердің үйлесімі жұмыстың ғылыми деңгейін арттырып, қылмыстық құқық бұзушылықтардың табиғатын және олармен күрес жолдарын жан-жақты зерделеуге септігін тигізеді.

Зерттеудің өзектілігі.

Ақпараттық технологиялар мен байланыс құралдарының қарқынды дамуы қазіргі қоғамда экономикалық, әлеуметтік және мәдени өмірдің барлық салаларына елеулі ықпалын тигізіп, сонымен қатар жаңа қылмыстық құқық бұзушылық түрлерінің пайда болуына себеп болуда. Цифрлық кеңістіктің кеңеюі мен кибертехнологиялардың қолжетімді болуы қылмыстық әрекеттердің түрленіп, көбейіп келе жатқанын көрсетеді. Бұл мәселе құқық қорғау органдарының алдына жаңа міндеттер қойып, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық реттеу жүйесін жетілдіруді талап етеді.

Қазақстандағы қолданыстағы қылмыстық заңнаманы және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы нормативтік құқықтық актілерді қайта қарастыру қажеттілігі туындауда, себебі заманауи ақпараттық қауіптерге қарсы күресте қазіргі шаралар жеткіліксіз болуы мүмкін. Осыған орай, киберқылмысқа қарсы тиімді саясатты қалыптастыру, құқық қорғау органдарының жұмысының жаңа әдістерін енгізу өзекті болып отыр.

Зерттеу жұмысы ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға және олармен күресудің тиімділігін арттыруға бағытталған. Осылайша, зерттеу жұмысының өзектілігі қоғамның қауіпсіздігіне және құқықтық тәртіптің нығаюына айтарлықтай әсер ететін заманауи қылмыстық мәселелерді шешуге негізделген.

Теориялық және практикалық маңыздылығы.

Зерттеу жұмысы ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды құқықтық және криминологиялық тұрғыдан зерттеуге елеулі үлес қосады. Жұмыстың теориялық маңыздылығы – қылмыстық құқық пен криминология саласындағы ғылыми білімді тереңдеуіне әсер етеді. Практикалық маңыздылығы – жұмыста ұсынылған ұсыныстар мен әдістемелер құқық қорғау органдарының қызметінде қолдануға болатындығымен сипатталады.

Қойылған міндеттерді шешудің толықтығы, тереңдігі.

Автор қойылған міндеттерді толық және терең шешіп, зерттеу барысында зерттеудің негізгі мақсатына қол жеткізді. Диссертациялық жұмыста ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың құқықтық және криминологиялық аспектілері жан-жақты талданып, нақты ұсыныстар жасалған.

Ғылыми жаңалықтың элементтері.

Диссертациялық жұмыста ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша жаңа ғылыми тұжырымдар мен қорытындылар жасалған. Зерттеу барысында қылмыстық құқық пен криминология саласында бұрын қарастырылмаған аспектілер зерттеліп, жаңа ғылыми мәліметтер алынды. Диссертант бұрын болмаған ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтармен күресудің тиімді шараларын ұсынған.

Диссертацияның қорғауға дайындық дәрежесі.

Диссертациялық жұмыс қорғауға толық дайын. Жұмыста қойылған мақсаттар мен міндеттер нақты орындалған, зерттеу нәтижелері ғылыми негізделген және практикаға енгізуге ұсынылған.

Докторанттың ғылыми дербестігінің сипаттамасы.

Докторант зерттеу барысында жоғары ғылыми дербестікті көрсетті. Зерттеу жұмысының барлық кезеңдерінде автор өзіндік ғылыми көзқарас пен ұстанымдарды дәйекті түрде қорғап, жұмыстың жоғары деңгейде орындалуын қамтамасыз етті.

Диссертациялық зерттеуде ұсынылған негізгі тұжырымдар қылмыстық құқықтың теориялық мәселелерін жетілдіруге көмектеседі.

Диссертацияда тұжырымдар ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтармен күресудің отандық және шетелдік тәжірибесін және заңнамасын салыстыру жолымен жасалған. Зерттеу барысында алынған тұжырымдар мен қорытындылар ғылыми мақаларда жарық көрген.

Диссертациялық зерттеудің шынайлық деңгейі мен ғылыми жаңалығы диссертацияның толық аяқталған кешенді зерттеу екенін көрсетеді.

Азамат Қамбарұлы Қамбаровтың «Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар (қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері)» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы зерттеу жұмыстарына қойылатын талаптарға сай келетін, кешенді жұмыс. Демек, оның авторы 8D04208 «Қазақстандық құқықтың дамуының замануи үрдістері» білім беру бағдарламасы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Отандық ғылыми кеңесші
құқық бойынша PhD докторы,
Alikhan Bokeikhan University Заң факультеті,
қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының
доценті

Каражанов М.Д.

Қолын растаймын / Удостоверяю подпись
Каражанов М. Д.
КАДР БӨЛІМІ
- 14 - 11 2024 Ж.Л.

